

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Жаһандық Экологиялық Қордың Атқарушы Агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сенімгерлік Қорының Гранттық Келісіміне (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 тамыздағы N 839 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Жаһандық Экологиялық Қордың Атқарушы Агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сенімгерлік Қорының Гранттық Келісіміне (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы мен Жаһандық Экологиялық Қордың Атқарушы Агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сенімгерлік Қорының Гранттық Келісіміне (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) қол қою туралы

Жерді тиімді пайдалану жөніндегі іс шараларды іске асыру мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Жаһандық Экологиялық Қордың Атқарушы Агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сенімгерлік Қорының Гранттық келісімінің (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Байғазықызы Самақоваға Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Жаһандық Экологиялық Қордың Атқарушы Агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сенімгерлік Қорының

Гранттық Келісіміне (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) қол қоюға өкілеттік
б е р і л с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Гранты N TF052161-KZ

Жаһандық Экологиялық Қор Қазақстан Республикасы

мен Жаһандық Экологиялық Қордың

Атқарушы Агенттігі

ретінде әрекет ететін

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

арасындағы

Сенімгерлік қорының

Гранттық келісімі

(Қуаң Жерлерді Басқару жөніндегі жоба)

күні

2003 ж.

ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Гранты N TF052161-KZ

Қазақстан Республикасы (Алушы) мен Жаһандық Экологиялық Қордың (ЖЭҚ) атқарушы агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (Банк) арасындағы Банктің кейбір өкілдерінің ЖЭҚ мүшелері ретінде ЖЭҚ сенімгерлік қорына берген гранттық қаражатына қатысты 2003 жылғы _____ ЖЭҚ Сенімгерлік Қ о р ы н ы ң Г р а н т т ы қ К е л і с і м і .

(А) Банк Банктің атқарушы директорларының 1991 жылғы 14 наурыздағы N 91-5 шешіміне сәйкес жаһандық қоршаған ортаны қорғауға көмек көрсету және осылайша, экологиялық негізделген және тұрақты экономикалық дамуды алға жылжыту жөнінде Жаһандық Экологиялық Қор құрғандығын;

(В) ЖЭҚ қайта құрылымдалғаннан кейін, Банктің Директорлар Кеңесінің 1994 жылғы 24 мамырдағы N 94-2 шешімі негізінде қабылданған мұндай шаралар Сенімгерлік Қорын құрғандығын және Банкті ЖЭҚ Сенімгерлік қорының қамқоршысы қылып сайлағандығын (N 94-2 шешім);

(С) ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының екінші толықтыруы Банктің Директорлар Кеңесінің 1998 жылғы 14 шілдедегі N 98-2 шешімі негізінде мақұлданғандығын (N 98-2 шешім);

(D) ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының үшінші толықтыруы Банктің Директорлар Кеңесінің 2002 жылғы 19 желтоқсанындағы N 2002-0005 шешімі негізінде мақұлданғандығын (N 2002-0005 Шешім);

(Е) Алушы осы Келісімнің (Жоба) 2-қосымшасында сипатталған жобаның

орындалатындығына және басымдылығына куәланғаннан кейін, Жобаны ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының қаржы көздерінен қаржыландыруға ықпал ету туралы өтініш білдіргенін және берілген өтініш N 94-2 шешіммен мақұлданған Қайта құрылымдалған Жаһандық Экологиялық Қор мекемесінің шарттарына сәйкес мақұлданғандығын, және N 94-2 шешімге сәйкес ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының бастапқы толықтыру қаражатын қамтуы мүмкін N 98-2 Шешімге сәйкес ЖЭҚ Сенімгерлік Қорына салынатын салымдардан қаржыландырылуы тиіс екендігін назарға ала отырып;

Банк жоғарыда сипатталғандардың негізінде осы Келісімде тұжырымдалған шарттарды сақтаған кезде ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Грантын Алушыға беруді ұзартуға келісетіндіктен;

Тараптар мына төмендегілерге келіседі:

1-бап

Жалпы шарттар

1.01 (a) бөлім. Осы бөлімнің (жалпы шарттар) (b) параграфында тұжырымдалған өзгерістерімен бірге банктік қарыздар мен 1985 жылғы 1 қаңтардағы кепілдік келісімдерге қолданылатын Жалпы Шарттардың мынадай ережелері осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды:

i) I - б а п .

ii) 2.01 (1), (2), (3), (4), (6), (8), (9), (10), (11), (15), (18) және (20), 2.02 және 2.03 б ө л і м д е р

iii) 3 . 0 1 - б ө л і м

iv) 4.01-бөлім және 4.09-бөлімнің бірінші сөйлемі

v) v Б а п

vi) 6.01, 6.02 (a), (c) (d) (e) (f) (i) және (k), 6.03, 6.04 және 6.06 бөлімдер

vii) 8 . 0 1 (b) б ө л і м і

viii) 9.01 (a) және (c), 9.04, 9.05, 9.06, 9.07, 9.08 және 9.09-бөлімдер

ix) 10.01, 10.03 және 10.04-бөлімдер

x) X I б а п ; ж ә н е

xi) 12.01 (c), 12.03 және 12.04-бөлімдер.

(б) Жалпы шарттар былайша өзгертілетін болады:

i) 2.01 (8) және содан кейін 6.02 (f) бөлімдерінен басқа Жалпы Шарттарда қолданылатын "Банк" термині және осындай терминнің 5.01-бөлімде соңғы рет қолданылуы 6.02-бөлімде "Банк" терминінің өз күзіретінде әрекет ететін Банкті білдіруі тиістігін қоспағанда, ЖЭҚ-дың атқарушы агенттігі ретінде әрекет ететін Банкті білдіреді ;

ii) Жалпы Шарттарда қолданылатын "Қарыз алушы" термині Алушыны білдіреді;

iii) Жалпы Шарттарда қолданылатын жердің бәрінде "Қарыз бойынша Келісім"

термині осы Келісімді білдіреді;

iv) "Қарыз" және "қарыздар" терминдері Жалпы Шарттардың қай жерінде қолданылмасын, ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Гранты дегенді білдіреді;

v) "Қарыз шоты" термині Жалпы Шарттардың қай жерінде қолданылмасын, ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының шотын білдіреді;

vi) 5.01-бөлімнің екінші сөйлемі өзгертілген және Банк пен Алушы өзгеше келіспеген жағдайды қоспағанда, шоттан: Банктің мүшесі болып табылмайтын кез-келген басқа елдің аумағында жасалатын шығыстар немесе осы аумақтарда шығарылған тауарларға немесе ұсынылатын қызметтерге (а); немесе адамдарға немесе ұйымдарға немесе кез-келген импортталатын тауарлар үшін ақы төлеу мақсатында, егер мұндай ақы немесе импорт Банктің пікірі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса (b), қаржы бөлінбейді деп оқылуы тиіс;
ж ә н е

vii) Жалпы Шарттардың 6.02-бөлімінде (j) тармақшасынан кейін жаңа тармақша қосылды: "егер ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Гранты бойынша кез келген кейінгі шығыстар ЖЭҚ қаражатын жұмсаудың қол жетімді ресурсынан асып кеткен жағдайда, төтенше жағдай туындайды".

1.02-бөлім. Жалпы Шарттардың кейбір терминдері осы келісімнің қай жерінде қолданылса да, егер осы Келісімнің мазмұнымен, сондай-ақ сипатталуында өзгеше көзделмесе, тиісті белгілі бір мәнді болады және мынадай қосымша терминдердің мынадай мәні болады:

(a) "ҚОБЖ" 2002 жылғы 24 сәуірдегі қабылданған Қоршаған Ортаны Басқару Жоспарын білдіреді;

(b) "ҚМЕ" осы Келісімнің 4.02-бөліміне сәйкес дайындалған Қаржы Мониторингі жөніндегі кез келген Есептерді білдіреді;

(c) "ҚОҚМ" Қазақстан Республикасының Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігін білдіреді;

(d) Осы Келісімнің 5.01-бөліміне сәйкес құрылған Жобаны Басқару тобын білдіреді;

(e) ЖБК Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігінің, Ауыл Шаруашылығы Министрлігінің, Экономика және Бюджетті Жоспарлау Министрлігінің, жергілікті басқару органдарының өкілдерінен, Жобаның орындалуын қадағалау үшін қоғам мен жеке сектор өкілдерінен тұратын Жоба бойынша Басқару Комитетін білдіреді;

(f) "іріктелген аудан" Шет ауданын немесе Алушы (Қарыз алушы) мен Ассоциация араға уақыт салып келісе алатын өзгерістерге қарай Алушының (Қарыз алушының) кез келген басқа ауданын білдіреді;

(g) "Арнайы шот" осы Келісімнің 2.02 (b) бөлімінде айтылған шотты білдіреді.

II бап

ЖЭҚ Сенімгерлік қорының гранты

2.01-бөлім. Банк осы Келісімде анықталған шарттарда және ережелерде 5 270 000 АҚШ долларына (бес миллион екі жүз жетпіс мың АҚШ доллары) баламалы мөлшерде әр түрлі валюталарда ЖЭҚ Сенімгерлік Қорының Грантын беруге келіседі.

2.02-бөлім. (А) ЖЭҚ Грантының қаражаты Жобаны іске асыру үшін талап етілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін қажетті жүргізілген шығындарды төлеу үшін (немесе, Банктің келісімімен жоспарланған шығыстарға ақы төлеу үшін) осы Келісімнің 1-қосымшасының белгілі бір шарттарына сәйкес ЖЭҚ гранттық шотынан алуына алады.

(В) Алушы Жобаның мүдделерінде жоюдан, тәркілеуден немесе жауып тастаудан тиісті қорғауды қоса алғанда, Банкті қанағаттандыратын шарттарда және өкілеттерде АҚШ долларында арнайы депозиттік шотты (Арнайы шот) аша және ұстай алады.

2.03-бөлім. Соңғы мерзімі - 2009 жылғы 31 наурыз немесе Банк белгілейтін кез келген неғұрлым кеш мерзім. Банк Алушыны неғұрлым кеш мерзім туралы тез арада хабардар етуі тиіс.

III бап

Жобаның орындалуы

3.01 бөлім. (А) Алушы осы Келісімнің 2-қосымшасында айтылғандай, Жобаға қатысты өзінің міндеттемелері туралы жариялайды және осы мақсатта Жобаны ЖБТ арқылы тиісті ықыласпен және тиімділікпен іске асырады және тиісті әкімшілік және қаржылық тәсілдерге сәйкес және қоршаған орта факторларына деген тиісті қарым-қатынаспен және қажеттілігіне қарай құралдармен, үй-жаймен, қызметтермен және Жобаны іске асыру үшін талап етілетін басқа да ресурстармен қамтамасыз етеді.

(b) осы Бөлімнің (a) параграфының ережелерін шектемей және Банк пен Алушының басқа келісімге келетіндігі қоспағанда, Алушы осы Келісімінің 4-қосымшасында анықталған Іске асыру бағдарламасына сәйкес жобаны іске асыратын болады.

3.02-бөлім. Банк басқа келісімге келетін жағдайларды қоспағанда, Жоба үшін талап етілетін және ЖЭҚ Грантының қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен консультанттар қызметін алу осы Келісімнің 3-қосымшасының шарттарына сәйкес р е т т е л у і т и і с .

3.03-бөлім. Жалпы ережелердің 9.08-бөлімінің мақсатында және сол сияқты о л а р д ы ң ш е к т е л у і н с і з А л у ш ы :

(a) Банк қабылдаған Нұсқау негізінде мерзімі аяқталғаннан кейінгі алты айдан немесе осы мақсатта Алушымен және Банкпен келісілген басқа да неғұрлым кешірек күннен кешіктірмей кейінгі жобалау іс-қимылдарының жоспарын дайындауы және

ұ с ы н у ы ;

ж ә н е

(б) Банкке жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша Алушымен пікір алмасу үшін негізделген мүмкіндік беруі тиіс.

3.04-бөлім. Алушы: КОБЖ дер кезінде іске асуы үшін барлық қажетті шаралар қабылдайтынына (а) және Банкті қанағаттандыратын жұмыстардың орындалу барысы туралы есепте осы шаралардың іске асырылуы жөніндегі барлық тиісті ақпаратты енгізетініне (б) кепілдік береді.

3.5-бөлім. Алушы 2003 жылдың қазанына дейін Банк талаптарына сәйкес келетін қаржы басқару жөніндегі маманды тағайындайды.

IV бап

Қаржылық шарттар

4.01-бөлім. (а) 5.1. а) Алушы Жобаны немесе оның бөлімін іске асыруға жауапты Алушы департаменттерінің, агенттіктерінің қолданыстағы бухгалтерлік тәжірибесіне сәйкес жобалау операцияларды, ресурстарды ойдағыдай көрсететін жазбалар мен шоттар жүргізетін болады және олардың жүйесін жүргізуді ұйымдастырады.

б) А л у ш ы Ж Б Т а р қ ы л ы :

i) Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар орындайтын аудиторлық стандарттарға сәйкес Арнайы шот бойынша қоса алғанда, осы бөлімнің (а) параграфында айтылған жазбалар мен шоттарды әрбір қаржы жылы аудитке беретін;

ii) Банкке мүмкіндігіне қарай, тезірек, бірақ әр жыл аяқталғаннан кейін төрт айдан кешіктірмей Банк негізді түрде сұратқан осындай көлем мен осындай детальдарда аталған аудиторлардың осындай аудиттері бойынша есеп беретін; және

iii) Мезгіл-мезгіл Банкке оның негізді сұрауы бойынша жазбаларға, шоттар мен аудитке қатысты басқа ақпаратты беретін болады.

с) Шығыстар туралы растаулардың негізінде Гранттық шоттан қаражат алынған барлық шығындар үшін Алушы :

i) осы бөлімнің (а) параграфына сәйкес осындай шығындарды көрсететін жазбалар мен есептер жүргізетін және олардың жүргізілуін ұйымдастыратын;

ii) Банк қаржы жылы аудиторлық есепті алғаннан кейін Гранттық шоттан соңғы қаражат алынған бір жыл бойына осындай шығыстарды растайтын барлық жазбаларды (келісім-шарттар, бұйрықтар, чектер, инвойстар, есепшоттар мен басқа да құжаттар) с а қ т а й т ы н ;

iii) Банктің өкілдеріне осы жазбаларды тексеруге мүмкіндік беретін; және

iv) Осы жазбалар мен есептер осы бөлімнің (б) параграфында айтылған жыл сайынғы тексеруге берілетіндігіне, және осындай аудит туралы есеп аталған аудиторлардың әрбір қаржы жылы көрсетілетін, шығындарды растайтын шоттан қаражат алулары, сондай-ақ олардың дайындығына қатысты рәсімдер мен ішкі

тексерулердің қаншалықты дұрыстығы туралы жеке пікірінен тұратындығына кепілдік
б е р е т і н б о л а д ы .

4.02. Алушы ЖБТ арқылы Банк талаптарына сәйкес келетін нысанда Қаржылық
Мониторинг жөніндегі Есепті дайындауға және Банкке беруге міндеттенеді. Осындай
Е с е п т е :

(а) (і) Жоба қаржысының жалпы және есепті кезеңдегі көздері мен пайдалану
бағыттары белгіленеді, бұл ретте Гранттың есебінен берілген қаражат жеке жолмен
көрсетіледі, сондай-ақ осындай қаражатты іс жүзінде және жоспарланған пайдалану
арасындағы айырмашылықтар түсіндіріледі;

(іі) Жобаны іске асыру жөніндегі іс жүзіндегі прогресс жалпы және есепті кезең
үшін жазылады, сондай-ақ Жобаны іс жүзінде және жоспарланған іске асыру
арасындағы айырмашылықтар түсіндіріледі;

(ііі) Есеппен жабылатын (есепті кезең) кезең соңындағы Жоба бойынша сатып алу
процестерінің қай деңгейде (сатып алу мәртебесі) екендігі анықталады.

(б) Қаржы мониторингі бойынша Бастапқы Есеп Күшіне ену күнінен бастап бірінші
күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күн ішінде Банкке берілуі тиіс және Жоба
бойынша бірінші келтірілген шығыс күнінен бастап бірінші күнтізбелік тоқсан
аяқталғанға дейінгі кезеңді жабуы тиіс; тиісінше әрбір келесі Қаржылық Мониторинг
жөніндегі Есеп келесі күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірілмей
Банкке берілуі тиіс және осындай Есеп тиісті күнтізбелік тоқсанды (есепті кезең)
камтиды.

V бап

Мерзімнің бітуі

5.01-бөлім. Осы Келісім жасалған күннен кейінгі тоқсан (90) күн мерзімде Жалпы
Шарттардың 12.04-бөлімі мақсатында анықталған.

5.02-бөлім. Осы Келісім ЖЭҚ Грантының қаражаты толығымен жұмсалып
болғанша және тараптар осы Келісім бойынша өздерінің міндеттемелерін орындағанша
қолданылатын болады.

VI бап

Алушының өкілдері; Мекен-жайлары

6.01-бөлім. Алушының ҚОҚМ Жалпы Шарттардың 11.03-бөлімін жүзеге асыру
үшін Алушының өкілі ретінде белгіленген.

6.02-бөлім. Мына мекен-жайлар Жалпы Шарттардың 11.01-бөлімінің мақсаттары
үшін анықталған.

А л у ш ы ү ш і н :
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Жеңіс даңғылы, 31
тел: 7 (3172) 59-19-50, 59-19-65, 59-19-71
факс: 7(3172) 59-19-73

Банк үшін:
Халықаралық қайта құру және даму банкі
International Bank for
Reconstruction and Development
1818 H Street N W
Washington D C 20433

United States of America

Cable address Telex:

INTBAFRAD

248423 MCI

Washington D C

64145 MCI

Осыны куәландыру үшін Тараптар өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы тиісті түрде Қазақстан Республикасының Астана қаласында жоғарыда көрсетілген күні және жылы осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасы

Уәкілетті Өкіл

Қайта Құру және Даму Банкі

(ЖЭҚ-ның атқарушы агенттігі ретінде)

Уәкілетті Өкіл

1-қосымша

ЖЭҚ Грантының қаражатын шоттан алу

1. Төмендегі кестеде ЖЭҚ Грантының қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстардың санаттары мен баптары, ЖЭҚ Гранты қаражатының әрбір санат бойынша бөлінуі және әрбір санаттың баптары бойынша шығыстар пайызы келтірілген:

ЖЭҚ Грантының бөлінетін қаражаты		Қаржыландырылатын
шығыстардың %		
Санаты	АҚШ долларымен	100 % шетелдік шығын
(1) тауарлар	2 300 000	100 % жергілікті шығын (экс-фабрикалық құны) және 84 % жергілікті жерде сатып алатын басқа пункттер бойынша

		жергілікті шығындар
(2) аудитті қоса		81 % фирмалар үшін
алғанда	1 650 000	және 84 % жеке адамдар
консультанттардың		үшін және 100 % қолданған
қызметі	әлеуметтік шығындар	
(3) Оқыту	320 000	100 %
(4) Өсіп отыратын	1 000 000	2005 жылдың желтоқсанына
пайдаланушылық		дейін 80% және онан
шығындар		кейін 65%, қолданған
	әлеуметтік шығыстар 100%	
БАРЛЫҒЫ	5 270 000	

2. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін мынадай анықтаулар қолданылады:

(а) "шетелдік шығыстар" термині осы параграфта Алушының елінен басқа кез келген елдің валютасымен алғандағы Алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығыстарды білдіреді;

(b) "жергілікті шығындар" термині Алушының валютасымен алғандағы немесе Алушының аумағынан жеткізілетін қызметтер мен тауарларға шығыстарды білдіреді;

(с) "оқыту" термині барып оқыту мен семинарларды қоса алғанда, жобаға қатысы бар фермерлер мен қызметшілерді оқыту дегенді білдіреді;

(d) "өсіп бара жатқан пайдаланушылық шығыстар" термині коммуникацияны, басып шығару мен жариялауды, күнделікті шығындарды, тасымалдауды және далаға шыққанда кететін шығыстарды және Ассоциациямен келісілген басқа да сондай шығыстарды қоса алғанда, жобаның іс-шараларын іске асыру үшін ЖБТ жасайтын кезеңді шығыстарды білдіреді.

(е) "қолданған әлеуметтік шығыстар" термині ЖБТ жалдау шарты бойынша Қарыз алушы белгілеген әлеуметтік және медициналық шығыстарға жұмыс берушінің және Қарыз алушы азаматтарының жеке-жеке консультанттарының қатысуын білдіреді.

3. Жоғарыда көрсетілген 1-параграфтың шарттарына қарамастан, осы Келісім жасалған күнге дейін жасалған шығыстарды төлеуге шоттан қаражат бөлінбейді.

4. Банк Гранттық шоттан қаражатты алу: а) 100.000 АҚШ долларынан кем баламалы құнымен келісім-шарттар бойынша тауарларға; б) 50.000 АҚШ долларынан кем баламалы құнымен консультациялық фирмалардың көрсететін қызметтеріне арналған келісім-шарттарға; в) 25.000 доллардан кем баламалы құнымен жеке консультанттардың қызметіне; г) 25.000 АҚШ долларына дейінгі құнмен келісім-шарттар бойынша оқытуға; және г) артатын пайдалану шығыстарына арналған шығыстар туралы есептердің негізінде жүргізілсін деп сұрата алады, әрбір жағдайда шарттар мен өкілеттер негізінде Алушыны Банк арнайы хабардар етіп отырады.

5. Егер Банк бір уақытта ЖЭҚ Грантының арнайы шотынан қандай да болмасын төлем осы Келісімнің шарттарына сәйкес қолайлы емес деп табылатын шығыстарды

төлеу үшін жүргізілді деп шешсе, Алушы Банктің тиісті хабарламасынан кейін төлем сомасына немесе оның Банк қолайлы деп тапқан бөлігінің сомасына тең соманы Банкке ЖЭҚ Грантының депозиттік шотына тез арада өтеуі тиіс.

2-қосымша

Жобаның сипаты

Жобаның мақсаты тым қуаңшылық жағдайдағы экожүйеде жерді пайдаланудың тұрақты жүйелерін көрсету және жылжыту болып табылады.

Жоба уақыт өте келе төмендегідей мақсаттарға жету үшін Алушымен және Банкпен келіскен кезде өзгеруі мүмкін мынадай бөліктерден тұрады:

А бөлімі. Жерді пайдаланудың тұрақты жүйелерін дамыту.

1. Ығыстырылып тасталған дәнді дақылдарды қалпына келтіру үшін таңдап алынған Шет ауданында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ұсыну.

2. Жердің үстіңгі қабатын жақсарту және деградацияға ұшыраған жайылымдар мен шабындықтарды басқару үшін таңдап алынған Шет ауданында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ұсыну.

3. Таңдап алынған Шет ауданында жем түрінде неғұрлым көп кіріс әкелетін ең төменгі баға бойынша көпжылдық және біржылдық шөп өсіруге мүмкіндік беретін әртүрлі тәсілдерді енгізу үшін консультациялық қызмет ұсыну.

В бөлімі. Өндіруші топтарға алғашқы сервистік көмек көрсету.

Таңдап алынған Шет ауданында кірісті арттыруға ықпал ететін мүмкіндіктерді дамыту үшін: (а) сүт жинау мен аймақтық ауылшаруашылығы рыногы жөніндегі орталықтарды ұйымдастыру және басқару үшін өндірушілердің жергілікті ассоциациясын құру; және (b) мал шаруашылығы мен егіншілік жөніндегі консультациялық қызметтерді ұсыну.

С бөлімі. Көміртегінің сіңірілу мөлшерін анықтау

Қуаң далалы экожүйелердегі көміртегінің сіңірілу потенциалына баға беру, зерттеулерді қамтамасыз ету және эмпирикалық деректерді ұсыну үшін консультациялық қызметтер көрсету.

D) бөлімі. Қоғамдық ағарту және репликация стратегиясы

Қоғамдық ағарту стратегиясын дамыту үшін консультациялық қызметтерді және тым құрғақ жағдайдағы жерлердегі табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануға қатысты саясат пен реттейтін құрылымды күшейтуді қоспағанда, әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шараларды ұсыну.

Е бөлімі. Жобаны басқару

Жобалық іс-шаралардың тиімді іске асырылуына ықпал ету үшін тауарлар мен консультациялық қызметтер ұсыну.

Жоба 2008 жылғы 30 қыркүйекке қарсы аяқталады деп күтілуде.

3-қосымша

Сатып алу

1-бөлім. Тауарларды сатып алу А бөлімі. Жалпы ережелер

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер 1995 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1996 жылдың қаңтары мен тамызында, 1997 жылдың қыркүйегінде және 1998 жылдың қаңтарында қайта қаралған ХҚДБ қарыздары мен МАР кредиттері бойынша сатып алу жөніндегі нұсқаудың (Нұсқау) 1-бөлімінің шарттарына сәйкес; және осы Қосымшаның 1-бөлімінің мынадай шарттарына сәйкес сатып алынатын болады.

Б бөлімі. Халықаралық Бәсекелесуге қабілетті Сауда-саттықтар

1. Тауарлар Нұсқаудың 2-бөлімі мен осы Нұсқауға қосымшаның 5-параграфының шарттарына сәйкес, осы қосымшаның В бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалған келісім-шарттарға сәйкес сатылып алынуы тиіс.

2. Келесі шарттар Б бөлімнің 1-параграфының шарттарына сәйкес жасалған келісім-шарттарға сәйкес тауарлар сатып алу үшін қолданылатын болады.

(а) Келісім-шарттарды топтау

Шынайылық дәрежесіне қарай, құны 100.000 АҚШ долларына баламалы немесе одан жоғары тауарларды сатып алуға келісім-шарттар үлкен лоттарға топталуы тиіс.

(б) Отандық өндірістің тауарларына артықшылықтар беру және ішкі келісім-шарттар

Нұсқаудың 2.54 және 2.55-параграфтарының және 2-қосымшасының шарттары Алушының (Қарыз алушының) аумағында тауарлар сатып алу үшін қолданылатын болады.

(в) Шақыру және Жарнама

Құны 10.000 000 АҚШ долларына баламалы және одан жоғары әрбір келісім-шарт бойынша алдын ала бағалауға немесе тендерге қатысуға шақыру Нұсқаудың 2.8-параграфына сәйкес үлкен келісім-шарттар үшін қолайлы рәсімдерге сәйкес жариялануы тиіс.

В бөлім. Сатып алу бойынша басқа да рәсімдер

1. Халықаралық сатып алу.

Әрбір келісім-шарт бойынша құны кемінде 100.000 АҚШ долларына баламалы тауарлар Нұсқаудың 3.5 және 3.6-параграфтарының шарттарына сәйкес халықаралық сатып алудың рәсімдері негізінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес алынуы тиіс.

2. Ұлттық сатып алу.

Әрбір келісім-шарт бойынша құны кемінде 50.000 АҚШ долларынан тауарлар Нұсқаудың 3.5 және 3.6-параграфтарының шарттарына сәйкес ұлттық сатып алудың рәсімдері негізінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес алынуы тиіс.

3. Келісім-шарттарды тікелей жасасу.

Түпкі жеткізушіден алынуы тиіс, қолда бар жабдыққа дәл келетін және 220 000 АҚШ долларынан кем немесе жиынтық баламалы құнымен тауарларды Нұсқаудың 3.7-параграфының шарттарына сәйкес Банкпен алдын ала келіскен кезде сатып алуға б о л а д ы .

4. Тұлғалар (қоғамдар) топтарының қатысуы

Фермерлерге арнайы тұқым өндіруге қолдау көрсетуді, оларды басқа фермерлердің сатып алуын немесе басқа фермерлерге берілуін қамтитын 1 800 000 АҚШ долларына бағаланған баламалы құн көлеміндегі дала жұмыстары Нұсқаудың 3.15-параграфының қосымшаларына сәйкес Жоба дайындау жөніндегі топ дайындаған нұсқауға сәйкес сатып алынуы тиіс.

Г бөлімі. Банкті сатып алу туралы шешімді қарауы

1. С а т ы п а л у д ы ж о с п а р л а у

Келісім-шарт жасасуға (сауда-саттыққа қатысуды алдын ала бағалау үшін немесе) тендерге қатысу үшін Жоба бойынша сатып алудың ұсынылған жоспары Нұсқаудың 1-қосымшасы 1-параграфының шарттарына сәйкес алдын ала қарау және мақұлдау үшін Банкке ұсынылуы тиіс. Барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Банк мақұлдаған сатып алу жоспарына сәйкес және жоғарыда аталған 1-параграфының шарттарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

2. А л д ы н а л а қ а р а у .

(а) Б бөлімі бойынша әрбір келісім-шартқа қатысты Нұсқауға қосымшаның 2 және 3-параграфтарында анықталған сатып алу рәсімдері қолданылуы тиіс.

(б) В бөлімі бойынша әрбір бірінші келісім-шартқа қатысты мынадай рәсімдер қ о л д а н ы л у ы т и і с :

- сатып алу рәсімдері бойынша қандай да болмасын берушіні іріктеуге дейін Алушы (Қарыз алушы) Банкке алған өтінімдері бойынша салыстырмалы және бағалау е с е п т е р і н ұ с ы н у ы т и і с ;

- сатып алу рәсімдеріне сәйкес жасасқан келісім-шарттар әрекет еткенге дейін Алушы (Қарыз алушы) Банкке спецификациялардың көшірмесі мен келісім-шарт ж о б а с ы н ұ с ы н у ы т и і с ; ж ә н е

- Нұсқауға 1-қосымшаның 2 (е), 2 (ж) және 3-параграфтарында анықталған р ә с і м д е р г е с ү й е н у қ а ж е т .

3. К е й і н н е н қ а р а у .

Осы бөлімнің 2-параграфының ережелерімен реттелмейтін әрбір келісім-шартқа қатысты Нұсқауға қосымшаның 4-параграфында айтылған рәсімдер қолданылады.

2. Консультанттардың қызмет көрсетуі.

А бөлімі. Жалпы ережелер.

Консультанттар көрсететін қызметтер 1997 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1997 жылдың қыркүйегінде, 1999 жылдың қаңтары мен 2002 жылдың мамырында

қайта қаралған Дүниежүзілік Банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауы жөніндегі нұсқаудың (Консультанттар жөніндегі нұсқау) I және IV бөлімдерінің, 1-қосымшаның 1-параграфының сонда, 2-қосымшаның шарттарына сәйкес; және осы бөлімінің келесі 2-тармағының шарттарына сәйкес сатып алынатын б о л а д ы .

Б бөлімі. Сапа мен құнға негізделген іріктеу.

1. Осы бөліктің В бөлімінде көрсетілген жағдайлардан басқа, консультанттардың қызмет көрсетулері консультанттар жөніндегі нұсқаудың II бөлімінің шарттарына және сапа мен құнға негізделген іріктеуге қолданылатын 3.13 бастап 3.18 дейінгі тармақтардың шарттарына сәйкес төленетін келісім-шарт негізінде сатып алынатын б о л а д ы .

2. Келесі шарттар алдыңғы параграфтың шарттарына сәйкес жасалған келісім-шарттарға сай консультанттардың қызметін сатып алу үшін қолданылатын болады; құны әрбір келісім-шарт бойынша 100.000 АҚШ долларына кем болатын қызмет көрсетуге арналған консультанттардың қысқа тізімі 2.7-параграфтың және консультанттар жөніндегі нұсқаудың 8-ескертуінің шарттарына сәйкес толығымен ұлттық консультанттардан тұра алады.

В бөлімі: Консультанттарды іріктеу жөніндегі басқа да рәсімдер.

1. Белгіленген бюджетке сәйкес іріктеу.

Қоғамдық ағарту жөніндегі кампанияның міндеттерін орындауға арналған қызметтер Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 3.1 және 3.5-параграфының шарттарына сәйкес жасалған келісім-шарттарға сәйкес төленуі мүмкін.

2. Консультантты біліктілігіне сәйкес іріктеу.

Құны кемінде 100.000 АҚШ долларына баламалы аудит бойынша қызмет көрсетулер Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 3.1 және 3.7-параграфтарының шарттарына сәйкес жасалған келісім-шарттарға сәйкес төленуі мүмкін.

3. Қызмет көрсетудің бір ғана көзін іріктеу.

Банкпен алдын ала келісу бойынша топырақ үлгілерін алу мен талдауды, модель жасауды қамтитын көмір қышқыл газының сіңірілу деңгейін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтер Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 3.8 және 3.11-параграфтарының шарттарына сәйкес төленуі мүмкін.

4. Жеке консультанттар.

Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 5.1-тармағында айтылған талаптарға жауап беретін міндеттерді орындау үшін жеке консультанттардың қызметі Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 5.1 және 5.3-тармақтарының шарттарына сәйкес жеке консультанттарға төленетін келісім-шарттар негізінде сатып алынатын болады; және жобаның В және Г бөлімдері бойынша көрсетілетін қызметтер банк алдын ала

мақұлдаған жағдайда Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 5.3 және 5.4-тармақтарының шарттарына сәйкес қызмет көрсетудің бір ғана көзі негізінде төленетін болады.

Г бөлімі. Банктің консультанттарды іріктеуді қарауы

1. Іріктеуді жоспарлау.

Консультанттардан Банктің қарауы және мақұлдауы үшін қызмет көрсетуге өтінімдер алғанға дейін келісім-шарттардың құнын бағалаудан, келісімдер пакетінен, іріктеу өлшемдері мен рәсімдерден тұратын консультанттарды іріктеу жоспары ұсынылуы тиіс. Консультанттарды іріктеу жоспары іріктеудің (ара-арасында жаңарып отыратын) және Банк мақұлдаған осы жоспарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

2. Алдын ала қарау.

(а) Құны 90.000 АҚШ долларына тең және одан жоғары консультациялық фирманың жалдау туралы әрбір келісім-шартқа қатысты консультанттар жөніндегі нұсқаудың 1-қосымшасының 2, 3 және 5-тармақтарында белгіленген рәсімдер қолданылуы тиіс.

(б) Қызмет көрсетудің бір ғана көзі негізіндегі жеке консультанттарды жалдау туралы немесе құны 25.000 АҚШ долларына тең және одан жоғары әрбір келісім-шартқа қатысты Банктің қарауы мен мақұлдауына кандидаттардың біліктілігі мен тәжірибесін салыстыру туралы есеп, консультанттардың біліктілігі, тәжірибесі, техникалық тапсырмасы және жалдау шарттары туралы деректер берілуі тиіс. Келісім-шарт көрсетілген мақұлдауды алғаннан кейін ғана жасалады. Сол сияқты мұндай келісім-шарттарды жасасу үшін Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 1-қосымшасы 3-тармағының шарттары қолданылатын болады.

3. Кейіннен қарау.

Осы бөлімнің 2-тармағымен реттелмейтін әрбір келісім-шартқа қатысты Консультанттар жөніндегі нұсқаудың 1-қосымшасының 4-тармағында айтылған рәсімдер қолданылатын болады.

4-қосымша

Арнайы шот

1. Бұл қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "тиісті санаттар" термині осы Келісімге қосымшаның 1-параграфының кестесінде берілген (1)-ден (4)-ке дейінгі санаттарды білдіреді.

б) "тиісті шығыстар" термині Жобаны іске асыру үшін талап етілетін, ЖЭҚ Грантының қаражатынан қаржыландырылатын, уақыт өте келе тиісті санаттар үшін осы Келісімге қосымшаның ережелеріне сәйкес бөлінетін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің орынды құнына сәйкес шығысты білдіреді.

в) "Рұқсат етілген сома" термині 400 000 АҚШ долларына тең, Грант шотынан

алынған және осы Қосымшаның 3 (а) параграфына сәйкес арнаны шотта орналастырылған соманы білдіреді, егер Банк өзге шешім көздемеген жағдайда, ЖЭҚ Грантының шотынан алынған сома мен жалпы ережелердің 5.02-бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық төленбеген арнайы міндеттемелердің қосындысы 1 500 000 АҚШ долларына тең болмайынша немесе одан аспайынша, рұқсат етілген сома 200 000 АҚШ долларына баламалы сомаға дейін шектелетін болады.

2. Осы арнайы шоттан төлемдер осы Қосымшаның шарттарына сәйкес тек тиісті шығындарға берілетін болады.

3. Банк Арнайы шоттың тиісті деңгейде ашылатындығын растайтын мәлімет алғаннан кейін рұқсат етілген қаражатты алу және арнайы шотты толықтыру үшін кейіннен алу мынадай тәртіппен жүргізілуі тиіс:

а) рұқсат етілген жерінен қаражатты алу үшін Алушы Банкке Арнайы шотқа жалпы көлемі рұқсат етілген мөлшерден аспайтын соманы немесе сомаларды орналастыруға өтініш немесе өтініштер береді. Мұндай өтінімнің негізінде Банк Алушының атынан Гранттық шоттан Алушы сұратқан соманы немесе сомаларды алады да, Арнайы шотқа салады.

б) (i) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы Банкке Банк белгілеген мерзіммен арнайы шотқа қаражат салуға өтініш береді.

ii) Әрбір осындай өтініммен бірге Алушы Банкке осы толықтырудың 4-тармағына сәйкес төлеуді немесе төлемдерді талап ететін құжаттарды немесе басқа да дәлелдерді береді. Осындай өтінімнің негізінде Банк Алушының мүддесі үшін ЖЭҚ Грантының шотынан қаражат алады. Алушы сұратқан және тиісті шығындарды жабу үшін Арнайы шоттан қаражаттың төленуі үшін тиісті құжаттармен немесе басқа да дәлелдермен расталған соманы арнайы шотқа салады. Бұл салымдардың барлығын Банк Гранттық шоттан аталған құжаттармен немесе басқа да дәлелдермен расталатын тиісті баптар бойынша және тиісті ақшалай балама түрінде ала алады.

4. Арнайы шоттан Алушы жүргізген әрбір төлем бойынша Алушы алдағы уақытта Банктің негізделген өтініші бойынша Банкке төлемнің тек қана тиісті шығындарға жіберілгендігін растайтын құжаттарды немесе дәлелдерді көрсетеді.

5. Осы қосымшаның 3-тармағының шарттарына қарамастан:

а) егер, кез келген уақытта Банк әрі қарай қаражат алу тікелей жалпы ережелердің 5-бабының шарттарына және осы Келісімнің 2.02-бөлімінің (а) параграфына сәйкес ЖЭҚ Грантының шотынан жүргізілетін болады деп шешсе;

б) егер Алушы осы Келісімнің 4.01. б) ii) бөлімінде көрсетілген уақыт ішінде осы бөлімге сәйкес Банкке беру үшін талап етілетін, арнайы шот бойынша жазбалар мен есептер аудитіне жататын аудиторлық есептердің бірін бермесе;

в) Егер Банк Жалпы Ережелердің 6.02-бөлімінің шарттарына сәйкес ЖЭҚ Грантының шотынан қаражат алуға деген Алушының құқығын толықтай немесе ішінара тоқтату туралы өзінің ойын кез келген уақытта білдірсе; немесе

г) ЖЭҚ Грантының қалған қаражатының жалпы сомасы минус жоба бойынша жалпы ережелердің 5.02 бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық төленбеген арнайы міндеттемелердің барлық сомасы рұқсат етілген соманың екі есесіне балама болып шықса, арнайы шотқа әрі қарай қаржы салу туралы өтінішін қанағаттандырмайтын болады.

Тиісті санаттарға бөлінген, ЖЭҚ Грантының қалған қаражатын Гранттық шоттан алу Банк Алушыны арнайы хабардар ететін рәсімдерге сәйкес жүретін болады. Мұндай алу арнайы шотта қалған қаражат тиісті шығындарды жабуға кететіндігін растайтын хабарды алғаннан кейін және жағдайда жүзеге асырылатын болады.

6. а) Егер де Банк кез келген уақытта Арнайы шоттан қандай да болмасын төлем:

i) осы Қосымшаның 2-параграфына сәйкес емес шығындарға немесе мөлшерде жүргізілгендігін анықтаса; немесе

ii) Банкке берілген дәлелмен расталмаса, Алушы Банктің хабарламасын алғаннан кейін бірден: А) Банктің өтініші бойынша мұндай дәлелді тапсырады; немесе Б) Арнайы шотқа (немесе Банктің өтініші бойынша) сәйкес келмейтін немесе расталмаған төлемнің немесе оның бөлігінің сомасына тең соманы салады. Егер Банк өзгеше көрсетпесе, оқиғасына байланысты Банк Алушы осындай дәлелдерді бергенше немесе осындай салымды жүзеге асырмағанша немесе орнын толтырмағанша Арнайы шотқа одан әрі салым салуды жүргізбейді.

б) Егер Банк қандай да болмасын уақытта Арнайы шотта қалған сома тиісті шығыстарға одан әрі төлем төлеу үшін талап етілмейді деп анықталса, Алушы бірден Банк хабарлама жасағаннан кейін Банкке осы қалған соманы өтейді.

в) Алушы Банкті осындай ниеті туралы хабардар етіп Арнайы Шотта депозиттегі қаражатты Банкке толық немесе ішінара қайтаруға құқылы.

г) Осы Қосымшаның 6 п. (а), (б) және (в) параграфына сәйкес Банкке қайтарылған (өтелген) қаражат Жалпы Шарттардың ережелерін қоса алғанда, осы Келісімнің қолданылатын ережелеріне сәйкес кейіннен алу немесе жою үшін ЖЭҚ Сенім Қорының Гранттық Шотына алынатын болады.